



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "RJK International Trading LTD" компаниясы арасындағы инвестициялар тарту туралы 2000 жылғы 20 сәуірдегі келісім-шартты іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 шілде N 1030

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Любавичи қозғалысы" директораты және "RJK International Trading LTD" компаниясы (бұдан әрі - "RJK" компаниясы) арасындағы 2000 жылғы 20 сәуірдегі келісім-шартқа сәйкес "RJK" компаниясына мемлекеттік экспорттық ресурстардың 50 000 (елу мың) тона астығын бе р с і н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаев 2000 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "RJK" компаниясы арасындағы инвестициялар тарту туралы 2000 жылғы 20 сәуірдегі келісім-шартты орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ 2000 жылғы қыркүйек-желтоқсан кезеңіне "RJK" компаниясына мемлекеттік экспорттық ресурстардың астығын беру кестесін бекітсін.

3. "RJK" компаниясының Астана қаласы объектілерінің құрылышын қаржыландыру жөніндегі н и е т і н а з а р ғ а а л ы н с ы н .

Астана қаласының әкіміне "RJK" компаниясымен келісім бойынша

компаниядан алынған гранттардың есебінен Астана қаласы объектілерінің құрылышын жергілікті бюджеттің қаражатынан мақсаты қаржыландыру туралы "RJK" компаниясымен келісім жасау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК